

САЛАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ОТРАСЛЕВОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УПРАВЛЕНИЕ SECTORAL PUBLIC ADMINISTRATION

ӨОЖ 330.15:338.246.026

Ф. Б. Жұмабаев,
экономика және бизнес магистрі,
Даму және академиялық саясат жөніндегі департаменті
аккредитация және рейтинг бөлімінің бас маманы,
экономикалық теория және монополияға қарсы
реттеу кафедрасының оқытушысы «Л. Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

А. Ж. Шалабаева,
экономика магистрі,
Даму және академиялық саясат жөніндегі департаменті
аккредитация және рейтинг бөлімінің бас маманы,
менеджмент кафедрасының оқытушысы «Л. Н. Гумилев
атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫ: ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Аңдатпа

Мақалада «жасыл экономикаға» өтудің әлемдік тәжірибесі айғақталады. «Жасыл экономика» секторы дамуының факторлары көрсетілген. Мемлекет саясатын реформалауының негізгі бағыттары айқындалады және мемлекеттік инвестицияға бағытталған нарық механизмдері мен нарық инфрақұрылымын нығайту, жаңа ынталылық құру мәселелері көрсетіледі. «Жасыл экономика» ұғымына анықтама беріліп, дереккөздер талданылған. «Жасыл экономикаға» өтудің ынталандыруының әдіснамалық аспектілері көрсетілген. «Жасыл экономика» секторындағы мемлекеттік реттеудің құралдары нақтыланған. Тұрақты дамудың баламасы болмағандықтан барлық деңгейде (жергіліктен жаһандыққа дейін) шаруашылық қызметінің экологиялық жауапкершілігі қағидасын, әсіресе өңірлік, сонымен қатар әлемдік биотикалық үдерісті реттеуге ықпалын тигізетін ірі жобалардың орындалып жатқан жерлеріндегі мәселелерді басшылыққа алу қажет.

Тірек сөздер: «жасыл экономика», қоршаған орта, инвестиция, әлемдік тәжірибе, «жасыл» технологиялар.

JEL-кодтар: N 500, Q560, Q570.

Аннотация

Описан мировой опыт стимулирования перехода к «зеленой экономике». Показаны факторы развития сектора «зеленой экономики». Определены основные направления реформирования политики государства и создания новых стимулов, укрепления инфраструктуры рынка и рыночных механизмов, перенаправления государственных инвестиций. Проанализированы источники и дано определение понятия «зеленая экономика». Показаны методические аспекты стимулирования перехода к «зеленой экономике». Уточнены инструменты государственного регулирования в секторе «зеленой экономики». Устойчивое развитие не имеет альтернатив, и поэтому на всех уровнях (от местного до глобального) необходимо руководствоваться принципом экологически ответственной хозяйственной деятельности, особенно там, где выполняются крупные проекты, которые могут оказать влияние на регулирование биотических процессов не только на региональном, но и на планетарном уровне.

Ключевые слова: «зеленая экономика», окружающая среда, инвестиции, мировой опыт, «зеленые» технологии.

JEL-коды: N 500, Q560, Q570.

Abstract

World experience of stimulation of transition to «green economy» is described. Factors of development of sector of «green economy» are shown. The main directions of reforming of policy of the state and creation of new incentives, strengthening's of infrastructure of the market and market mechanisms, the redirections of the state investments. Sources are analyzed and concept «green economy» definition is given. Methodical aspects of stimulation of transition to «green economy» are shown. Instruments of state regulation in sectors

of «green economy» are specified. Sustainable development are not allowed alternatives and therefore at all levels (from local to global) should be guided by the principle of environmentally responsible economic activities, especially where executed large-scale projects which may have an impact on the regulation of biotic processes, not only regionally but also at the planetary level.

Key words: «green economy», *environment, investment, international experience, «green» technology.*

JEL codes: N 500, Q560, Q570

«Жасыл» экономика (GEI) бойынша БҰҰ бастамасы 2008 жылы қаржы-экономикалық дағдарысқа жауап ретінде бастау алып, БҰҰ Бас хатшысы және БҰҰ жүйесі басшыларының Үйлестіру кеңесі ұсынған тоғыз Бірлескен дағдарыс бастамасының бірі болды. Сонымен бірге, «жасыл өсім» немесе «экономиканы көгалдандыру» сияқты өзара алмастыратын бірқатар терминдер пайдаланылып, кеңінен таралған.

«Жасыл» экономиканың маңызды мақсаты – эко жүйелердің маңыздылығын және ұлттық және жаһандық экономикалық өмірдегі орталық орнын түсіну болып табылады.

«Жасыл экономика» бойынша бастама үш басты принципке негізделген: Ұлттық және халықаралық деңгейлердегі табиғи қызметтерді бағалау және алдыңғы қатарға шығару; «жасыл» жұмыс орындарын құру және сәйкес саясат қалыптастыру есебінен халықты жұмыспен қамту; тұрақты дамуға қол жеткізу үшін нарық тетіктерін пайдалану.

UNEP (United Nations Environment Programme – БҰҰ жүйесі шеңберінде құрылған бағдарлама, 15.12.1972 жылдан №2997 сәйкес БҰҰ Бас Ассамблеясы резолюциясы негізінде құрылған) баяндамасындағы анықтамаға сәйкес, «жасыл» экономика – бұл адамдардың тұрмыс-тіршілігін арттыратын және әлеуметтік қалтқысыздықты қамтамасыз ететін экономика [1]. Сонымен қатар қоршаған орта үшін айтарлықтай тәуекелдікті төмендетеді. Жасыл экономиканың негізгі ұстанымдарына төмендегілерді жатқызуға болады:

- Тепе-теңдікті қамтамасыз ету (әділеттілік ұстанымы);
- Гүлдену мен саулық – барлығы үшін (құндылықтарды құрметтеу ұстанымы);
- Табиғатты қорғау мен қалпына келтіру (сақтық немесе аңдаушылық ұстанымы);
- Инклюзивтілік және шешімдерді қабылдау үрдісіне қатысу (қатысу ұстанымы);
- Есеп берушілік (басқару ұстанымы);
- Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тұрақтылық (тұрақтылық ұстанымы);
- Тұрақты өндіріс пен тұтынушылық (тиімділік ұстанымы);
- Келешекке инвестициялау/қаржы салу (ұрпақтың байланысы ұстанымы);
- Әдетте «жасыл» экономика концепциясы тұрақты даму концепциясымен тығыз байланыста қарастырылады, яғни тұрақтылық жетістігі толықтай дерлік «дұрыс» экономиканы құруға бағынышты болады [2].

«Жасыл» экономика – бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әлауқатын сақтауға бағытталған, сондай-ақ соңғы пайдалану өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін экономика. «Жасыл» экономика бірінші кезекте, қазіргі уақытта сарқылуға ұшыраған (пайдалы қазбалар – мұнай, газ) ресурстарды үнемді тұтынуға және сарқылмайтын ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған.

Жасыл экономиканың негізінде – таза немесе «жасыл» технологиялар жатыр. Мамандардың айтуы бойынша «жасыл» экономиканы дамыту, көптеген постиндустриалды елдерде өзінің ауқымымен қозғаған экологиялық дағдарысты біздің елде болдырмауға мүмкіндік береді.

Шетелде «жасыл» технологияның қарқынды дамуы 1980–1990 жж. басталған еді. Осы кезең экологиялық жаңғырту идеясының белсенді ілгерілеуімен байланысты болды. Аталмыш идеяның негізгі алғышарты – экологиялық фактор есебімен экономикалық өсім тек орынды емес, сонымен қатар пайдалы; яғни, біріншіден – ресурстарды үнемдеуге жағдай жасайды, екіншіден – «жасыл» инновацияны, я жаңартпаны ендіруде компанияның бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Бұл идея дамыған елдердегі тек бизнес-қауымдастығында емес, сонымен қатар үкіметтік деңгейде орнықты, себебі экономикалық өсім мен оның экологиялық зардаптары арасындағы міндетті байланысты технология дамуының үзуі арқылы белгілі бір деңгейдегі

экологиялық және экономикалық мүдде арасындағы дәстүрлі қарама-қайшылықты өзгертеді. Осы идеяның ары қарай дамуы тұрақты даму концепциясынан орын алды. 2009 жылы Бүкіләлемдік Экономикалық Форум дара даму жолы ретіндегі жасыл экономиканың жаңа жаһандық курсын таңдай отыра, бағдарламаны іске асыру үшін 750 млрд. АҚШ \$ (әлемдік ЖІӨ 1%) көлемінде қаражат бөлді. «Жасыл экономикаға» өту үшін айтарлықтай кең құралдар спектрі ұсынылды:

– Қоршаған ортаға залал келтіргені үшін салық салу, табиғи ресурстарды ақшалай түрде бағалау және тиімсіз субсидиялардан бас тартуды енгізетін тұрақты дамудың баға белгілеуінің сәйкес белгілері;

– Экологиялық тауарларды ынталандыратын өндіріс және мемлекеттік сатып алу саясатының қызметі;

– «Экологиялық» салық салу жүйесін реформалау;

– «Жасыл» инфрақұрылымға мемлекеттік инвестициялаудың артуы (қоғамдық көлікті қоса, энергия көздерінің жаңартылуы, энергиялық тиімді ғимараттардың құрылысы) және қалпына келтіру, қолдау, керек жерінде көлемін арттыру үшін табиғи капитал;

– Экологиялық таза технологияларды құру бойынша зерттеулер мен талдамаларды қолдайтын арнаулы мемлекеттік бағдарламалар.

2013 жылдың 30 мамырында ҚР Президенті Жарлығымен елдің «жасыл» экономикаға өту концепциясы бекітілген болатын. Оны іске асыру іс-шарасының жоспары қабылданып, ол су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру, ауаны ластауды төмендету және қалдықтарды басқару жүйесін жаңғырту, энергия тиімділік пен энергияны сақтауды арттыру іс-шарасын іске асыру, қайта жаңартылатын энергия көздерін дамытудың нақты шараларын қарастырады.

Қоршаған ортаны қорғау және сауықтыру аймағында 1991 жылдан бері халықаралық қызметтестікті күшейту мақсатында Еуропада Еуропалық экономикалық комиссиясы Біріккен Ұлттар Ұйымының қамқорлығымен «Еуропа үшін қоршаған орта» үрдісін дамытуда. 2003 жылы Киев (Украина) қаласында болған «Еуропа үшін қоршаған орта» бесінші конференциясында әр елдің қоршаған ортаны қорғау бойынша министрлері қоршаған орта бойынша саясатты әзірлеу және қоғамды ақпаратпен қамтамасыз ету үшін қажетті деректерді айқындады.

Жоғарыдағы Елбасының бастамасымен Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру үшін біздің жас мемлекетімізге экономикалық өзгерістерге тереңдетілген және жан-жақты талдау қажет. Бұл жерде де аталған талдауды жүргізу үшін таптырмайтын құрал болып «сандар» қызмет етеді, бірақ жай ғана сандар емес, одан әрі дұрыс экономикалық, әлеуметтік және басқарушылық шешімдерді қабылдау мақсатында елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды мониторингілеу үшін қажетті сапалы, дәйекті және өзекті статистика.

Мемлекеттік статистиканың дамуы Қазақстан Республикасы дамуының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге, мемлекеттік органдар жүйесі қызметінің тиімділігін арттыру үшін жағдайлар жасауға бағытталғаны белгілі және бағдарламалық құжаттар мен Президенттің Қазақстан Республикасы халқына жыл сайынғы жолдауларын ақпараттық-статистикалық қамтамасыз етуге ықпал етуге арналған.

Қазақстанда статистикалық ақпаратты түзу бойынша ресми орган Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті болып табылады, сондықтан бес жыл мерзімге әзірленетін стратегиялық жоспарда «жасыл» экономиканы енгізудің негізгі индикаторларын мониторингілеу үшін барлық қажетті шаралар қарастырылған. Бұл үшін Комитеттің стратегиялық жоспарында келесі мақсаттар қаралған:

1) экономиканың барлық аяларын, салаларын сапалы көрсеткіштермен қамтамасыз ету және статистикалық деректерді түзуді оңтайландыру;

2) «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және енгізу арқылы деректерді өңдеу жүйесін дамыту;

3) статистикалық ақпаратты тарату жүйесін дамыту.


Елдің «жасыл экономикаға» көшуін іске асыруды ақпараттық қамтамасыз ету үшін қоршаған ортаны қорғау, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, білім беру, жер ресурстары және т.б. салаларды сапалы деректер қажет. Бұл үшін мүдделі мемлекеттік органдардың

стратегиялық жоспарларында ақпараттық өзара іс-қимыл нормаларын қарастыру қажет. Ол пайдаланушылардың сапалы және өзекті деректерді алуына ықпал ететін болады.

Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасын іске асыруға тек мемлекет емес, сондай-ақ бизнес және әрбір азамат қосуы тиіс. Табиғи қорларға, электр-, жылу энергиясына ұқыпты қарау, экологиялық іс-шараларға белсенді қатысу – өмірдің қалыпты жағдайы болуы тиіс.

Біздің еліміздегі қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындарды қарастыратын болсақ, соңғы екі жылдың қорытындысын алып қарастырайық: Қазақстан Республикасындағы 2013–2014 жылдарында табиғатты қорғау қызметінің түрлері бойынша қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар төмендегідей:

млн. теңге



ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті мәліметтері бойынша

2014 жылы қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар 243 063,4 млн. теңгені құрады. Шығындардың құрылымында 34,5%-ы су көздерін ағынды сулардың ластауынан қорғауға, 27,0% – атмосфералық ауаны және климатты қорғауға, 23,0%-ы қалдықтардың айналымын басқаруға, 10,8%-ы топырақты жерасты сулары мен жерүсті суларының көздерін қорғауға және қалпына келтіруге, 4,7%-ы қоршаған ортаны қорғау бойынша басқа да қызметтерге келеді.

Ал 1990–2014 жылдар аралығындағы қоршаған ортаны қорғауға байланысты нақты көрсеткіштерді келтірсек:

Жасыл экономика Қазақстанның мемлекеттік бағдарламаларында:

– Жасыл даму қағидаты ҚР Жеделдетілген индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасында (ЖИИД МБ) негізделген;

– 2010 жылы жасыл өсуге арналған, 2010–2014 жылдарға «Жасыл даму» салалық бағдарламасы қабылданды.

– 2012 жылдан бастап GGGI Оңтүстік Корея жасыл даму халықаралық институты орындайтын, Қазақстанның жасыл экономикаға көшуін дайындау туралы Үкімет және БҰҰДБ жобасы іске асырылуда.

Қазақстан Президентінің Жарлығымен оның негізіне «Жасыл даму» қағидаты алынған, Қазақстан Республикасын дамытудың 2020 дейінгі Стратегиялық жоспары бекітілді.

Жоспар ресурс сақтау, энергия тиімділігі және энергияның қалпына келтірілетін көздерін енгізу жүйесін құруды көздейді.

2012 жылдың 20–22 маусымында өткізілген «РИО+20» Саммитінен кейін қазақстандық қоғамның күші «жасыл» экономикаға ауысу бойынша стратегияны іске асыруға бағытталған. Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша «Жасыл» экономикаға ауысу бойынша тұжырымдама әзірленді. Тұжырымдамада бірінші кезекте басты түрде экономиканың белгілі бір салаларын реформалауға бағытталған басым міндеттер тізбесі ұсынылды.

1-кесте

Қоршаған ортаны қорғау

	Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған ағымдағы шығындар, млн. теңге*	Тұрақты ластау көздерінің саны, бірлік	Тұрақты көздерден атмосфераға шығатын ластағыш заттардың шығарындылары, мың тонна	Тұрақты көздерден атмосфераға шығатын ластағыш заттардың шығарындылары, жан басына шақанда, кг	Ластағыш заттардың ұсталғаны және залалсыздандырылғаны, мың тонна	Ластағыш заттардың кәдеге жаратылғаны, мың тонна	Ластағыш қатты заттардың шығарындылары, мың тонна	Сұйық және газ тәрізді ластағыш заттардың шығарындылары, мың тонна
1990	396,6	74 765,0	4 677,2	287	29 168,2	8 635,4	1 683,3	2 993,9
1991	693,8	79 209	4 277,9	...	29 101,4	8 241,9	1 451,0	2 826,9
1992	14 098,1	78 086	4 062,0	...	28 334,1	6 894,4	1 402,6	2 659,4
1993	372,6	90 486	3 791,0	...	27 086,8	6 195,1	1 295,2	2 495,8
1994	5 568,1	87 249	3 094,6	...	22 863,9	4 381,1	1 028,8	2 065,8
1995	11 746,7	81 663	3 097,4	194	22 751,2	4 434,8	1 085,1	2 012,3
1996	...	...	...	...	...	...	...	...
1997	13 366,3	56 875	2 368,7	...	16 413,4	4 068,8	668,4	1 700,3
1998	10 992,5	55 913	2 327,7	...	16 766,5	3 621,1	687,4	1 640,3
1999	13 288,7	54 753	2 308,6	...	16 498,7	1 744,4	641,1	1 667,5
2000	16 704,9	58 356	2 429,4	163	17 292,2	4 313,2	668,5	1 760,9
2001	17 780,8	67 530	2 582,6	174,0	18 139,4	4 469,2	672,3	1 910,3
2002	18 555,3	74 073	2 529,3	170,0	17 681,4	1 910,4	673,4	1 855,9
2003	24 664,0	84 878	2 884,3	193,0	18 849,7	3 932,8	729,6	2 154,7
2004	28 682,1	96 725	3 016,5	201,0	21 329,3	4 423,0	752,9	2 263,6
2005	43 558,2	108 576	2 968,8	196,0	21 656,4	5 223,4	713,7	2 255,1
2006	56 320,1	123 037	2 921,1	191,0	23 116,5	4 947,3	721,3	2 199,8
2007	58 725,5	137 712	2 915,0	188,0	23 802,4	5 316,3	717,6	2 197,4
2008	91 288,3	152 820	2 643,1	168,0	24 262,0	6 161,5	688,7	1 954,3
2009	102 327,9	166 019	2 320,0	145,7	24 448,6	3 302,0	639,1	1 680,9
2010	99 652,6	168 712	2 226,6	136,4	25 858,5	6 432,4	639,3	1 587,2
2011	99 212,9	182 863	2 346,3	142,0	28 036,2	6 922,5	631,1	1 715,2
2012	109 437,9	197 650	2 384,3	142,0	31 012,0	8 774,9	593,8	1 790,5
2013	129 093,8	202 334,0	2 282,7	134,0	33 378,7	10 730,1	551,2	1 731,5
2014	140 578,6	214 913	2 256,7	130,5	29 673,5	8 167,1	494,2	1 762,5

* 1993 жылға дейін рубльмен

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті мәліметтері бойынша

«Жасыл» экономикаға ауысу аясында:

- қорлардың тиімділігін арттыру;
- қазақстандық инфрақұрылымды жетілдіру;
- халықтың әл-ауқатын жақсарту болжанады;

Тұжырымдаманы іске асыру үш кезеңде жоспарланады:

– бірінші кезең – 2013–2020 жж. – қорларды пайдалануды оңтайландыру және табиғат пайдалану қызметінің тиімділігі арттыру, сондай-ақ, «жасыл» инфрақұрылымды құру;

– екінші кезең – 2020–2030 жж. – табиғи қорларды тиімді пайдалану, жоғары технологиялар базасында жаңартылатын энергетиканы енгізу;

– үшінші кезең – 2030–2050 жж. – олардың жаңартылуы жағдайында негізіне табиғи қорларды пайдалану қойылған, ұлттық экономиканың «үшінші өнеркәсіптік революция» қағидаттарына ауысуы.

2014 жылы жаңартылатын энергияның үлесі елдің жалпы энергобалансының 1%, 2020 жылға қарай – 3% жетеді. Белгіленген тарифтерді енгізуге негізделген мемлекеттік қолдаудың жаңа схемасын қарастыратын Жаңартылатын энергияны қолдау мен пайдалану мәселелері бойынша елдің заңнамасына өзгертулер енгізілді.

«Болашақ энергиясы» тақырыбындағы Астана «ЭКСПО-2017» Әлемдік көрмесіне дайындалуда жаңартылатын энергия секторының дамуы өзекті болмақ. Көрме Қазақстандағы «жасыл» экономиканың өркендеуін көрсетпек.

Егер де қоршаған ортаны бағалау туралы шетелдік баяндамаларды талдайтын болсақ, онда экономиканың «greening» басым бағыттарын атауға болады: энергияны сақтау және генерация, толықтай энергетикалық инфрақұрылым және энергиялық тиімділік, көлік, су және сарқынды су, материалдар және құрылыс, өндіріс және өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, рециклинг және қалдықтар.

Кейбір жағдайларда болып жатқан өзгерістердің қозғалмалы күші үкіметтік саясат емес, «төменнен», яғни бизнес, қоғамдық бейресми бірлестіктер, ғаламтор-қауымдастық, кей азаматтардың жылжытулары бойынша берілетін бастама, я инициатива. Осындай экологиялық жаңғырту типі «grassroots» атауын алды, яғни қоғамның өзінен бастау алған бастама, яки инициатива, технология, ішкі себептермен пайда болған идеялар толқыны. Көптеген елдерде түрлі эконоауылдар мен экоммуналар пайда бола бастады. Олар өзіндік энергияны өңдейді және оны жергілікті электрожелілерге сатады, өзіндік азық-түлік өндірісі және т.б. Осындай көптеген мысалдарға Шотландиядағы Финдхорн эконоауылын [www.findhorn.org], тіпті Астана қаласындағы эконоауылды жатқызуға болады; соңғысы Финдхорн эконоауылының деңгейіне жеткен жоқ. Десе де алғашқы бастамалар бар.

Әлемдік тәжірибеге келетін болсақ, Оңтүстік Корея экологиялық таза экономиканы ынталандыруда, ұлттық стратегия жолындағы «green growth» бағытын таңдаған жалғыз мемлекет болып табылады. Ұлттық стратегия жолында «жасыл» өсім концепциясын іске асыратындығын жариялаған бірінші ел. Аталмыш стратегиядағы негізгі назар 3 элементке түседі: өнеркәсіп, энергетика және инвестиция. Стратегияның мақсаты энергоресурстарды аз мөлшерде пайдалана отырып, экономикалық қызметтің өнімділік көлемін сақтап қалу; табиғатты қорғау қызметі мен экономикалық өсімнің қозғалыс күшіне инвестицияның ауысуы үшін шара қолдану.

Қытайда жел, күн энергетикасы, энергия үнемдеуді дамытуға ЖІӨ 3% жұмсауға шешім қабылданған. Қытайдың он екінші 5 жылдық (2011-2015 жж.) жоспарындағы «green development» бөлімінде елдің «жасыл» экономикаға өтуін нақтылап, айқындап көрсетеді. Салалық және субұлттық деңгейдегі саясаттың мақсаты мен бағдарын белгілейтін аталмыш жоспар ұлттық стратегиялық жол картасы болып табылады. «Green» дамуы келесі 6 стратегиялық бағытқа негізделеді: климаттың өзгеруі, ресурстарды үнемдеу және оларды басқару, экономикадағы айналым, қоршаған ортаны қорғау, экожүйені қорғау және қалпына келтіру, су ресурстарын қорғау және стихиялық апатты алдын ала ескерту. Бұл бағыттармен бірнеше жаңа міндетті мақсаттар (мысалы, 2015 жылға қарай ЖІӨ бірлігіне 17% көміртектің шығарылуын қысқарту

қажеттілігі, 2015 жылға қарай 10% ауаға азот пен оның оксидтерін шығаруды қысқарту қажеттілігі), яғни он бірінші 5 жылдық жоспарда сақталғандар келесі мақсатқа қосылады [3]. Қабылданған бес жылдық жоспар егжей-тегжейлі саяси бағдарды айқындады, сонымен қатар технологияның энергия тиімділігі мен бағдарламасы көрсетілімінің таралуы энергияны үнемдеу мен өсімнің жаңа мүмкіндіктерінің қозғаушы күші болып табылады.

Еуроодақта да көміртекті аз қолдану экономикасына өтудің 2050 жылға дейінгі бағдарламасы қабылданған болатын. Бағдарлама 2030 жылдан 2050 жылға дейін (сәйкесінше 40-44% және 79-82%) секторлар бойынша көшетхана газдың шығарылуын қысқартатын мақсатты айқындайды. Сонымен қатар бағдарламада аталмыш және басқа да мақсаттарға жету үшін түрлі шаралар белгіленген (мысалы, жыл сайын 175-320 млрд. €) [4]. Мәселен, британдық бағдарламада «жасыл» сала үшін оқыту бағдарламаларын дамыту мен біліктілігін арттырудағы жергілікті кәсіпкерлер серіктестігінің (LEP) рөліне ерекше көңіл бөледі. Бұл қызықты тәжірибе өңірді дамыту стратегиясын айқындау мен инновацияны дамытудағы түрлі аудандардың бәсекелік басымдылығын анықтау үшін жергілікті билік пен бизнестің арасындағы серіктестікті құрумен байланысты. Мысалы, Англиядағы LEP міндетіне «жасыл» өсім үшін негізгі тәуекелдерді анықтау, экологиялық инновацияларды қолдаудағы механизмдердің жасалымы т.б. енгізіледі. Серіктестіктің мақсаты экологиялық тауарлар мен қызметтер нарығы үшін инфрақұрылымды қолдау болып табылады; бұл жерде 5 жылдың ішінде оның нарықтық құнын 617 млн. фунт стерлингке өсіріп қана қоймай, 4 мыңға тарта жұмыс орындарын ашу жоспарланған.

«Жасыл» технология бойынша әлемдік нарықтағы көшбасшылардың бірі – Германия болып табылады. Оның үлесіне әлемдегі экологиялық технологиялардың барлық патенттерінің 20% жуығы және қайта өндірілетін энергетика саласындағы технологиялардың 30% аса тиесілі екен. «Жасыл» секторда елдің экономикалық белсенді тұрғындарының 4,5% жұмыс жасайды; және бұл көрсеткіш әрдайым өсіп отыр. Сонымен қатар қазірдің өзінде Германия экологиялық өнім саудасының көлемі бойынша бірінші орында жайғасқан (бұл әлемдік нарықтың 16%). Германияның негізгі және айтарлықтай табысты дамушы «жасыл» саласы – қайта өндірілетін энергетика саласы болып табылады. Осы елдегі аталмыш технологияның қарқынды дамуын алдын ала белгілеудің негізгі себебі, әлбетте, энергоресурстарды импорттық тасымалдау тәуелділігі болып отыр. Елде энергия тасымалдаушылардың негізгі түрлері бойынша 90% шетелден тасымалданады екен. Германияда мемлекет жасыл энергетиканың дамуын қатаң бақылауда ұстайды. Алайда мемлекеттік реттеу жоспарлы тапсырмаларды жоғарыдан қадағалауды негізге алмайды, керісінше үйлесімді инфрақұрылым құруды, түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруды, құқықтық қамтамасыз етуді және ынталандырудың нарықтық механизмдерін айғақтайды.

«Жасыл» экономика саласында Құрама Штаттар ауқымды жоспар жасауда; бұл жасыл экономиканы дамытудағы Барак Обама әкімшілігінің негізгі бастапқы қадамы. 2011 жылдың қаңтарында АҚШ Президенті Б. Обама жыл сайынғы Конгресске үндеуінде: «2015 жылға қарай АҚШ әлемдегі ең бірінші мемлекет болып 1 млн. тарта электромобиль шығарады; 2035 жылға қарай елде шығарылатын электроэнергияның 80% «таза» түрде өндірілетін болмақ, оны өндіру үшін жел, күн, ядерлық материал, «таза» көмір және табиғи газ керек» [www.barackobama.com] – деп ұсыныс жасайды.

Қазіргі кезде «жасыл» энергия саласына байланысты көптеген новациялар айтылуда, жасалуда. «Байтерек» журналына берген сұхбатында, Бәла Сырлыбаева: энергетика – инертті сала, егер де әлемдік нарықтың инвестициялық трендін қарастыратын болсақ, онда көптеген атом және көмірсутек компанияларда «жасыл» энергетика жағына ауысу байқалады [5]. Шынымен де, энергетика саласындағы инновациялар өнімділікті арттырып қана қоймайды, сонымен қатар экономиканың түрлі салаларында революциялық төңкеріс жасамақ. Ал бұл «таза түрдегі» ілгерілеу, яғни экологияға нұқсан келтірмейді. Енді әлемнің көптеген елдеріндегі белсенді түрде іске асып жатқан инновациялық жобаларды қарастырсақ.

Данияда дауылды желдер энергия көздерінің бірі болып табылады. Мысалға келтіретін болсақ, 2013 жылдың 20 наурызына қарай дат жел-генераторлары 3987 МВт электр қуатын өндірген, ал бұл елдің барлық электр қуатын тұтынудан 800 МВт төмен екен. «Жел» электрінің үлесі Данияның жалпы энергобалансының 20% құрайды екен. Бұл өте жоғары көрсеткіш. 2020 жылға қарай болжауда, жел елдегі барлық энергияның жартысына жуығын құрайтын болады, ал 2050 жылға қарай Дания толығымен жаңартылатын энергияға көшуге дайындалмақ.

Исландияда көптеген үйлерді геотермальді энергия жылытады. Осы елдегі барлық үйлер мен ғимараттардың 90% жер астынан табиғи түрде көтерілетін ыстық сумен тікелей жабдықталған. Энергияның осындай әдіспен өндірілуі 48% құрайды, 37% – электроэнергияға өңделеді. Геотермальді энергияны кеңінен қолданатын Исландияның астанасы – Рейкьявик өлемнің ең «жасыл» қаласы атануына лайық.

Біріккен Араб Әміршілдігі астанасы Абу-Даби қаласында дүниежүзіндегі ең үлкен күн электростанциясы іске қосылды. Жаңа күн электростанциясы (Shams-1) жұмысының негізінде күн қозғалысына жалғаса отыра, жылуқабылдағыш-коллектордің жарық шоғырына фокус түсіре отырып, қозғалмалы айналар жүйесін пайдаланатын күн жарығы концентрациясы принципі қойылған. Жылу энергиясын кейін электроэнергияға өзгертеді. Стансаның жиынтық қуаттылығы 100 мВт құрайды. Кәсіпорынның өнімділігі, құрылысқа жұмсалған инвестиция 600 млн. АҚШ \$ құраған, бұл елдегі 20 мыңға жуық үй шаруашылығын қамтамасыз етпек. Мұнайдың аса мол қорына қарамастан, Абу-Даби үкіметінің әміршілдігі 2020 жылға қарай қайта жаңғыртылатын көздердің есебінен елге қажетті кемінде 7% электроэнергиясын өндірмек.

Ресейде Белгород облысында биогаз стансасы ойдағыдай жұмыс істеуде. Ол 8 млн. шаршы метр биогаз өндіреді. Өңірде 1,3 мыңға жуық фермалар мен кешендер бар. «Лучки» биогаз стансасы жылына 8 млн. тонна шаршы метр газ өндіргенде 2,4 мВт қуаттылық жұмсайды екен. Алынған газ 19 млн. кВт/сағатына электр энергиясын және 18,2 мың Гкал жылу энергиясын өндірмек. Стансаның жұмыс істеуі үшін негізгі шикізат агроөнеркәсіп кешені кәсіпорнының қалдықтары құрайды екен. Сонымен қатар, станса қайта өңдеуден қайталама өнім – 66,8 мың шаршы метр тыңайтқыш өндіреді екен. Белгород облысындағы фермерлік шаруашылық, мал шаруашылық және басқа да ауылшаруашылық кешендер санын есепке алсақ, органикалық шикізат осындай 130 биогаз стансасына жетеді екен.

Ал біздің елде қазіргі таңда Қазақстанда «жасыл» экономикаға нақты қадамдар жасалуда – жел энергетикасы, энергия үнемдеу, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды тазарту туралы заңдар қабылданды. «Жасыл» экономика қағидалары мен секторлық интеграция үшін мекеме аралық кеңес құрылған. Сонымен қатар Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігіне Қазақстанның экономикасына, жеріне, географиялық жағдайына сай «жасыл» экономиканың жобасын жасауды тапсырды.

Астананың ЭКСПО-2017 бүкіләлемдік көрмесіне өз кандидатурасын ұсынуы әрі «Болашақтың энергиясы» атты жаһандық мүдделерді топтастыратын тақырыпты таңдауы әлем назарын өзіне аударғаны хақ. Өйткені, адамзат алдындағы күрмеуі қиын мәселе – энергияға деген тапшылықты жойып, балама қуат көздерін кеңінен іске қосатын кез келді. Адамзат баласына көмірді, мұнайды, газды толығымен игеруге орта есеппен 40-50 жыл кетті, балама энергетиканы игеруге де шамамен сонша уақыт керек. Бұл шара – біздің елімізде балама энергетиканың қарқынды дамуына жол ашары сөзсіз.

Алайда, еліміздің экономикасын балама жолдармен дамытудағы мемлекет саясатының рөлі мен ерекшелігі қандай болу керек деген сұрақ туындайды. Қазақстан үшін алғашқы қадам Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастауымен 50 ел қатысқан қазан айында өткен «VII Еуразиялық Kazenergy» форумы, «Ехро-2017» бүкіләлемдік көрмесі, «Астаналық Экономикалық форумдары» болып отыр. Сонымен қатар Елбасының жасыл экономика ұсынысы да экономиканы дамытуда балама көздерді қарастырады.

Келешекте Астананы өте ірі, тек Қазақстанның ғана емес әлемнің дамыған астаналарының қатарына қосуға барша қазақстандықтар күш салады. Қазақстандағы «Жасыл экономиканы» жандандыруға ЭКСПО көрмесінің пайдасы көп болмақ. Біздің «Жасыл энергия» деген тақырыбымыз осы күнгі үздік тақырыптың бірі болып саналады.

Қорытындылай келе, «жасыл» экономика ұлттық экономиканың баюымен қатар, ЖҰӨ өсу қарқынын жылдамдатады. Ол кедейшілікті жою мен экологиялық ресурстарды сақтау арасындағы байланысты орнатады. Экологиялық экономика жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал етеді. Мұндай қоғамда жаппай өндіру болмайды және табиғи ресурстарды пайдалану қысқарады. Табиғи ресурстардың орнына «Жасыл Нано» технологиясы қолданылады.

Мемлекетіміздің алтын капиталы саналатын адам денсаулығын жақсарту, әсіресе жас ұрпақтың тәнінде ақау, жанында кірбің болдырмау мәселесі ел болғалы бері Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың айтып келе жатқан табанды тапсырмасы екендігін атап өткім келеді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1 На пути к «зеленой» мировой экономике. Ежегодный доклад UNEP 2009 г. <http://www.unep.com.ru/unep/gei/216-toward-ge.html>

2 Онищенко М. В. Международный опыт развития «зеленой экономики» [Каспийский регион: политика, экономика, культура – научный журнал. 2013 № 3 (36)] ISSN 1818-510X

3 Курс на зеленый рост – Резюме для лиц, принимающих решения [Декларация зеленого роста, принятая на совещании Совета ОЭСР на уровне министров 25 июня 2009 г.] Данная брошюра была подготовлена для совещания Совета ОЭСР на уровне министров, состоявшегося 25–26 мая 2011 г. в Париже.

4 Зеленая экономика: практический вектор устойчивого развития или политический компромисс? Россия в окружающем мире: 2011. Устойчивое развитие: экология, политика, экономика (Аналитический ежегодник) / Отв. ред. Н. Н. Марфенин; под общей редакцией Н. Н. Марфенина, С. А. Степанова. – М.: Изд-во МНЭПУ, 2011. – 292 с.

5 Прогресс в чистом виде. Н. Раимкулова [«Байтерек» – казахстанский общественно-политический журнал, № 3 (74) 2013 г.] С. 61–63.

Дата поступления статьи в редакцию 27.10.2015